



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 1 (121) 2021

- Енді қалдықтарды есепке алуды, бақылауды және нормалауды реттейтін Қалдықтардың жаңа жіктеуіші бекітілді
- Үкімет басшысылығы банкроттық арқылы таратылған заңды тұлғалар келтірген зияннан зардап шеккендерге қамқорлық жасап, Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша әлеуметтік көмек қағидаларын бекітті
- Коронавируспен күресу үшін қызмет көрсету саласына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар да бекітілді
- Утвердили новый Классификатора отходов, который теперь будет регулировать учёт, контроль и нормирование отходов
- Руководство страны позаботилось о тех, кто пострадал от причинённого вреда юридическими лицами, ликвидированными через банкротство, и утвердило Правила социальной помощи по возмещению вреда, причинённого жизни и здоровью работников
- Для борьбы с коронавирусом также утвердили Санитарно-эпидемиологические требования для сферы обслуживания

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- Надо ли оплачивать суточные за однодневную командировку?

ISSN 1996-2053





Уважаемый

Сериккали Гумарович!

Чтобы дойти до цели, человеку нужно только одно – стремление!

Авторитетному учёному Бисакаеву Сериккали Гумаровичу исполнилось 70 лет. Личность неординарная, сегодня Сериккали Гумарович – доктор технических наук, академик, профессор.

Свою трудовую деятельность в 1972 году Сериккали Гумарович Бисакаев начал с должности рабочего нового цеха электролиза меди на Джезказганском медеплавильном заводе, после окончания Казахского политехнического института имени В. И. Ленина по специальности «Технология цветных металлов». Через семь лет он уже работал в Министерстве цветной металлургии Казахской ССР.

В годы становления независимого Казахстана он возглавлял Управление контроля по охране труда при Министерстве труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, являлся Главным государственным инспектором труда. Он активно принимал участие и курировал вопросы создания госинспекции в 19 областях республики.

В 2008 году – новое назначение – заместитель председателя Комитета по контролю и социальной защите Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, а через год возглавил данный Комитет.

В настоящее время Сериккали Гумарович руководит РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан».

Профессор Бисакаев С. Г. принимал участие в разработке редакций Трудового кодекса Республики Казахстан 2007 и 2015 годов. А в мае 2016 года Сериккали Гумарович, как руководитель авторской группы, презентовал книгу «Трудовой кодекс Республики Казахстан. Постатейный практический комментарий». Её выпустил ТОО «МЦФЭР–Казахстан» совместно с Республиканским научно-исследовательским институтом по охране труда МЗСР РК.

Долгие годы Сериккали Гумарович сотрудничает с ТОО «МЦФЭР–Казахстан». Мало кто знает, что он был одним из инициаторов создания журнала «Охрана труда. Казахстан». Это сегодня единственный журнал, освещающий вопросы безопасности и охраны труда в Казахстане, который издаёт ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Есть и другие значимые вехи в жизни этого неординарного человека. Так, в 2010 году в рамках Всемирного дня охраны труда в Республике Казахстан по инициативе Комитета по контролю и социальной защите МТСЗН РК, лично Бисакаевым С. Г. совместно с казахстанской компанией «Iteca» впервые была организована двухдневная Казахстанская конференция и выставка «KIOSH». С тех пор этот социально значимый форум, направленный на обеспечение безопасности и охраны труда на предприятиях страны, стал традиционным. Из года в год «KIOSH» освещает генеральный информационный партнёр – журнал «Охрана труда. Казахстан». В рамках конференции и выставки по охране труда традиционно подводят итоги и награждают победителей ежегодного конкурса по безопасности и охране труда «Сенім».

Его профессионализм, авторитет и преданность идеям заслуживают особого уважения. За достигнутые успехи и вклад в общественную и государственную деятельность страны он награждён орденом почёта «Құрмет», многими медалями. Ему также вручено «Алғыс хат» от Президента Республики Казахстан.

Вся трудовая, научная и общественная деятельность Бисакаева Сериккали Гумаровича связана с охраной труда, посвящена развитию законодательной базы и проведению научно-исследовательской деятельности в области охраны труда Республики Казахстан.

Коллектив ТОО «МЦФЭР–Казахстан» и Республиканского научно-исследовательского института по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения РК поздравляют Вас с 70-летним юбилеем и желают жизненной энергии в деле наставничества, оптимизма, бодрости духа и благоденствия! Молодые специалисты нуждаются в ваших мудрых советах, а коллеги – в вашем экспертном мнении!



Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:
Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеенко

email: otk@mcf.kz
Главный редактор – Ч. Б. Максұтов
Литературный редактор текстов
на казахском языке – Ж. К. Ахметжанова
Редактор по работе с текстами – А. Сингирова
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова-
Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)
e-mail: otk@mcf.kz
www.kadry.mcf.kz

Отдел маркетинга
Ведущий бренд-менеджер – Н. П. Волосатых
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)
email: bm2@mcf.kz

Отдел адресной подписки и сбыта
тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13
e-mail: sbyt@mcf.kz, info@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –
Д. А. Тойчибеков
тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)
email: sb1@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –
Г. Е. Жантикеева
email: support@mcf.kz
тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – www.kadry.mcf.kz
- в редакции в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – 74315)
– «Казпочта»: почтовые отделения
– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87
– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.
Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны
официально опубликованным версиям.*

Редакция не несет ответственности
за содержание рекламных материалов.
PR-материал публикуется на правах рекламы.
Претензии по опубликованной рекламе принимаются
в течение 10 календарных
дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».
Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcf.kz,
info@mcf.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 1 (121) 2021

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

**«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:**

Беккер

Владимир Робертович,
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

Беккер

Владимир Робертович,
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

Сәдуақасов

Нұрқан Олжабайұлы,
Қазақстан Республика-
сы Денсаулық сақтау
министрлігінің Тауар-
лар мен көрсетілген
қызметтердің сапасы
мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

Садвақасов

Нуркан Олжабаевич,
заместитель председателя
Комитета контроля каче-
ства и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респу-
блики Казахстан

Құнанбаев

Нұрбек Сейітқамзаұлы
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

Кунанбаев

Нурбек Сейтқамзинович
Директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»



**Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ

МАМАННАН СҰРАҢЫЗ

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құру талабы кімге қолданылады?

3

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

«Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын «Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

4

КЕПІЛДІКТЕР МЕН ӨТЕМАҚЫЛАР

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті жүзеге асыру қағидалары

14

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ

Қалдықтар сыныптамасы

23

САНИТАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАТИВТЕР

Санитариялық-эпидемияға қарсы шараларды қалай жүргізу керек

26

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

Ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарына өзгертулер енгізілді

29

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ по безопасности и охране труда

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ

СПРОСИТЕ СПЕЦИАЛИСТА

На кого распространяется требование создания службы безопасности и охраны труда?

50

ТРУДОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Правила оказания государственной услуги «Предоставление отсрочки от призыва»

52

ГАРАНТИИ И КОМПЕНСАЦИИ

Правила осуществления социальной помощи в виде ежемесячных выплат гражданам Республики Казахстан после завершения периода капитализации платежей по возмещению вреда, причиненного жизни здоровью работников юридическими лицами, ликвидированными вследствие банкротства

61

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ЗАЩИТА

Классификатор отходов

70

САНИТАРНЫЕ ПРАВИЛА И ГИГИЕНИЧЕСКИЕ НОРМАТИВЫ

Как проводить санитарно-противоэпидемические мероприятия

74

КОНТРОЛЬ И НАДЗОР

Внесены изменения в критерии оценки степени риска и проверочные листы в сфере информатизации

77

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құру талабы кімге қолданылады?

Жауап береді: Конисов Ж.А., «ACTUALIS: Кадрлық іс, еңбекті қорғау» Электрондық жүйесінің сарапшысы, «Tin One Mining» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы»



Саларалық келісім күшіне енді, оған сәйкес еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің саны бойынша жаңа нормалар бекітілді. Ол қызмет түріне және меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындарға қолданыла ма?

ҚР ЕК-нің 23-бабы 2-тармағының 25) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру тетігі ҚР ЕК-нің 202-бабында айқындалған.

Қызметкерлерінің саны елуден асатын өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс беруші ұйымның тікелей бірінші басшысына немесе ол уәкілеттік берген адамға бағынатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құрады.

ҚР ЕК-нің 1-бабы 1-тармағының 63) тармақшасына сәйкес **өндірістік қызмет** – шикізаттың алуан түрлерін өндіруді және қайта өңдеуді, қызметтердің алуан түрлерін көрсетуді және жұмыстарды орындауды қамтитын, ресурстарды дайын өнімге айналдыру үшін қажетті еңбек құралдарын қолдана отырып жасалатын жұмыскерлер әрекеттерінің жиынтығы.

Қызметкерлерінің саны елуге дейінгі жұмыс беруші қызмет ерекшелігін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымын енгізеді не еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді басқа маманға жүктейді.

Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ереже Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1020 бұйрығымен бекітілген.


Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ереженің негізінде, өндіріс ерекшелігін, қызметкерлер санын, еңбек жағдайларын, өндірістің зияндылығын және басқа да факторларды ескере отырып, жұмыс беруші Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы ережені әзірлейді және бекітеді, ҚР ЕК-не сәйкес оның құрылымын, санын, негізгі міндеттерін, функцияларын айқындайды.

Жұмыс беруші Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 2 қыркүйектегі № 349 бұйрығымен бекітілген Еңбекті қорғау қызметтерінің жұмыскерлері санының салааралық үлгілік нормативтерін басшылыққа ала отырып, қызмет санын дербес айқындай алады.

Осылайша, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құру талабы меншік нысанына қарамастан, саны елуден асатын өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне Баптар бойынша практикалық түсіндірме (№ 2 шығарылым)



Түсіндірме авторларының құрамына түсіндірмелері еңбек заңнамасының нормаларын дұрыс қолдануға себеп болатын, тәжірибеші заңгерлер, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің еңбек қатынастары, жалақы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мамандары кірді.

Кітап барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылары мен жұмыскерлеріне, заңгерлерге, кадр қызметінің, еңбек құқығының мамандарына, ғалымдарға, оқытушыларға, аспиранттарға, заң және экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ оқырмандардың кең ауқымына арналған.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Баптар бойынша практикалық түсіндірме» кітабына тапсырыс беру үшін www.ppk.mcfr.kz сайтында өтінімді толтырып, ekd@mcfr.kz электрондық мекенжайға жіберу қажет.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы біле аласыз:
+7 (727) 323-62-13, 323-62-29

«Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

«Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығы

Күшіне енді: 2020.23.11

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 5 қарашадағы
№ 605 бұйрығына
1-қосымша

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Әскери қызметке әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес әскери қызметке әскерге шақыруды кейінге қалдыру аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен беріледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиялары арқылы көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар көрсетілетін қызметті берушіге www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы және ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – портал) арқылы осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш немесе ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда біржолғы парольмен куәландырылған сұрау салу жолдайды.

5. Құжаттарды портал арқылы берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішке мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері тіркеледі.

6. Қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету стандартында келтірілген.

7. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы барлық қажетті құжаттарды берген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтініштерді тіркеу және қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қызмет 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын әскерге шақыру комиссиясы мүшелерінің тізбесі:

1) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы – аудан (қала), облыс, республикалық маңызы бар қала және астана жергілікті атқарушы органы басшысының (әкімнің) орынбасары;

2) комиссия мүшелері:

аудан (қала), облыс, республикалық маңызы бар қала және астана жергілікті әскери басқару органының бастығы;

аудан (қала), облыс, республикалық маңызы бар қала және астана ішкі істер органдарының тиісті аумақтық бөлімшесінің өкілі;

аудан (қала), облыс, республикалық маңызы бар қала және астана денсаулық сақтау басқармасының тиісті жергілікті басқару органы бастығының (бас дәрігердің) орынбасары – медициналық комиссияның төрағасы.

10. Әскерге шақыру комиссиясы өтінішті қоса берілген құжаттардың электрондық көшірмелерімен бірге қарайды және осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытынды шығарады не осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама береді.

11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы қағидаларға 2-қосымшаның 9-тармағында көзделген.

12. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытындысы порталда ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат ныса-

нында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне», сондай-ақ әскерге шақыру комиссиясының хаттамасын толтыру үшін көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері және әскери есепке алу орны бойынша жергілікті әскери басқару органына жолданады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

15. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы сот тәртібімен нәтижелерге шағымдана алады.

«Әскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

әскерге шақыру комиссиясының төрағасына
мынадай мекенжай бойынша тұратын:

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)
телефоны _____

Өтініш

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес

(мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес әскерге шақыруды кейінге қалдыру себебі көрсетілсін) әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруыңызды сұраймын

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

Күні _____

Қолы _____

«Әскерге шақыруды
кейінге қалдыру» мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
2-қосымша

«Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аудандардың, және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	«Электрондық үкімет» веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (жартылай автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытындысы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) ЖАО-да – азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу кезеңінде: 1 наурыздан 30 маусымға дейін; 1 қыркүйектен 30 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін; 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады), тәулік бойы. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы www.egov.kz порталында орналасқан
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

	<p>1) басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік қамсыздандыруда болмайтын отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, Қазақстан Республикасының аумағында онымен бірге немесе бөлек тұратын жақын туыстары немесе басқа да адамдар болмаған кезде заң бойынша көрсетілген отбасы мүшелерін асырауға міндетті азаматтарға:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>отбасы жағдайын тексеру актісінің электрондық көшірмесі (жергілікті әскери басқару органы береді);</p> <p>әскерге шақырылушының асырауында мынадай отбасы мүшелерінің болуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі:</p> <p>әкесі, анасы, әйелі, сондай-ақ әскерге шақырылушының ата-анасы болмаған кезде, зейнеткер жасына толған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын атасы мен әжесі;</p> <p>ата-анасы болмаған кезде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған аға-інілері, апа-сіңлілері;</p> <p>әскерге шақырылушыдан басқа бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған бір және одан да көп балалары бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) тәрбиелеп отырған анасы (әкесі);</p> <p>өзінің асырауында жасы бойынша еңбекке қабілетсіз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын бір және одан да көп жалғызілікті туыстары (әкесі, анасы, аға-інілері, апа-қарындастары) бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) асырап отырған анасы (әкесі);</p> <p>бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып табылатын, екіншісін өзі асырайтын және әскерге шақырылушыдан басқа он сегіз жасқа дейінгі бір және одан да көп бала тәрбиелеп отырған ата-анасының бірі;</p> <p>отбасы мүшелерінің бірінің мүгедектігі бар және әскерге шақырылушы отбасында жалғыз ер бала болып табылады;</p> <p>2) өзінің асырауында анасыз тәрбиелеп отырған баласы (балалары) бар азаматтарға:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>отбасы жағдайын тексеру актісінің электрондық көшірмесі (жергілікті әскери басқару органы береді);</p> <p>қамқоршысы болып табылатыны туралы жергілікті атқарушы орган қаулысының электрондық көшірмесі;</p> <p>3) ата-анасының қайтыс болуына немесе олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе сот бас бостандығынан айыруға соттауына байланысты кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында болған адамдар бар азаматтарға:</p>
--	---

	<p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>отбасы жағдайын тексеру актісінің электрондық көшірмесі (жергілікті әскери басқару органы береді);</p> <p>қамқоршысы болып табылатыны туралы жергілікті атқарушы орган қаулысының электрондық көшірмесі;</p> <p>4) некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтарға:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>отбасы жағдайын тексеру актісінің электрондық көшірмесі (жергілікті әскери басқару органы береді);</p> <p>5) оқу кезеңінде білім алып жатқан азаматтарға:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>білім беру ұйымынан оқып жатқанын растайтын анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>6) денсаулық жағдайы бойынша, азаматтарға:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>әскерге шақырылушының әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылғандығы туралы аудандық (қалалық) медициналық комиссиясының хаттамалары кітабынан үзіндінің электрондық көшірмесі;</p> <p>7) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнаулы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ әдістемелік кабинеттерде кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтерге:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;</p> <p>жұмыс орнын растайтын анықтаманың электрондық көшірмесі;</p>
--	---

	<p>8) тиісті білімі бар, мамандығы бойынша ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлерге: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; жұмыс орнын растайтын анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>9) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; депутаттық қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>10) өздеріне қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе соттар қылмыстық істерін қарап жатқан адамдарға: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; оған қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушы туралы анықтау және алдын ала тергеу органдарынан алынған және оған қатысты сот қылмыстық істерін қарап жатқан әскерге шақырылушы туралы соттардан алынған, сондай-ақ оған қатысты үкімнің заңды күшіне енгені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>11) азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелеріне, тиісті білімі бар азаматтық авиация инженерлеріне, механиктеріне және техниктеріне: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; тиісті білімінің бар болуы туралы белгісі бар жұмыс орнын растайтын анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>12) кемелер экипаждарының тиісті білімі бар мүшелеріне: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; тиісті білімінің бар болуы туралы белгісі бар жұмыс орнын растайтын анықтаманың электрондық көшірмесі;</p>
--	---

		<p>13) құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында бастапқы кәсіби даярлықтан өтіп жатқан адамдарға: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; оқып жатқанын растайтын құқық қорғау органдарының білім беру ұйымынан алынған анықтаманың электрондық көшірмесі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, баланың (балаларының) туу туралы, зайыбының қайтыс болуы туралы, некеге тұруы туралы құжатының деректері туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы барлық қажетті құжаттарды берген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабында және осы қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	<p>Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу және мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау кезеңі – 1 наурыздан 30 маусымға дейін және 1 қыркүйектен 30 желтоқсанға дейін.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ бар болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал, бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында – ЖАО сайтында, сондай-ақ www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналасқан.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.</p>

«Әскерге шақыруды
кейінге қалдыру» мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

_____ (көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытынды

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес

_____ (әскерге шақыруды кейінге қалдырудың себебі)

Сізді әскери қызметке шақыру 20__ жылғы «__» _____ дейін кейінге қалдырылды.

Әскерге шақыру комиссиясының төрағасы _____

_____ Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

_____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

«Әскерге шақыруды
кейінге қалдыру» мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

_____ (көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Осы қағидаларға 2-қосымшаның 9-тармағына сәйкес Сізге мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарыңыздың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауына байланысты әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудан бас тартылды, атап айтқанда:

1) _____;

2) _____;

Әскерге шақыру комиссиясының төрағасы _____

_____ Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

_____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті жүзеге асыру қағидалары

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы (2020.09.11 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 Қаулысы

Күшіне енді: 2020.23.11

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек - банкроттық салдарынан таратылған және қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапты деп танылған заңды тұлғалардың бұрынғы қызметкерлеріне және бұрынғы қызметкердің қайтыс болуы салдарынан зардап шеккен адамдар (бұдан әрі – зардап шеккен адамдар) – Қазақстан Республикасының азаматтарына зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капитал-

дандыру кезеңі аяқталғаннан (зардап шеккен адам 70 жасқа жеткен, бірақ заңды тұлға банкрот деп танылған күннен бастап 10 жыл (120 ай) өткеннен ерте емес) кейін жүзеге асырылатын ақшалай төлемдер;

3) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйым – банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

4) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері;

5) әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) істің электрондық макеті (бұдан әрі – ІЭМ) – Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушы ісінің электрондық макеті;

7) капиталдандыру кезеңі – капиталдандыру жүргізілген, сот не тарату комиссиясы бекіткен құжатта (сот актісі, кредиторлар тізілімі, анықтама-есеп) көрсетілген кезең;

8) капиталдандырылған төлемдер сомасы – зардап шеккен адамға ақшалай түрде төленген не борышкердің мүлкі есебінен заттай түрінде өтелген, сот актісінде (актілерінде), кредиторлар тізілімінде, анықтама-есепте көрсетілген сома;

9) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық және аудандық бөлімшелері;

10) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы филиалдары;

11) Орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушылардың орталықтандырылған дерекқоры;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

2-тарау. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындауға жүгіну тәртібі

2. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар адамдар тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындауға өтінішті және сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

3. Өтініш қабылданған кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның мамандары «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) алады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін – Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу бөлімінің анықтамасы;

2) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған банк шотының нөмірі туралы немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер;

3) капиталдандыру кезеңі, зиянды өтеу бойынша капиталдандырылған төлемдердің сомасы туралы мәліметтерді қамтитын, капиталдандырылған сомаларды алуға құқықты растайтын сот актісі (актілері):

капиталдандырылған төлемдер сомаларын мемлекеттен алған кезде – зиянды өтеу есебіне капиталдандырылған төлемдерді төлеу жөніндегі жауапкершілікті мемлекетке жүктеу туралы заңды күшіне енген шешім (қаулы, ұйғарым);

таратылған заңды тұлғаның мүлкі есебінен капиталдандырылған төлемдер сомаларын алған кезде – материалдарында бірінші кезектегі әрбір кредитор бойынша толық жазба қамтылған конкурстық басқарушының қорытынды есебінің бекітіліп, конкурстық іс жүргізудің аяқталғаны туралы ұйғарым (шешім).

Капиталдандырылған сомаларды алуға құқықты соттың не капиталдандыру кезеңі, зиянды өтеу жөніндегі капиталдандырылған төлемдер сомасы туралы мәліметтерді қамтитын мемлекеттік архивтің архив құжатымен растауға болады.

Зардап шеккен адамның мәртебесіне байланысты:

денсаулығына нұқсан келтірілген зиянды өтеу кезінде – әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама;

жұмыскердің қайтыс болуы салдарынан зардап шеккен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 940-бабының 3-тармағына сәйкес мүгедектік мерзіміне зиян өтелетін мүгедекке зиянды өтеу кезінде – өтініш берушіге мүгедектік белгілеу туралы мәліметтер мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорынан сұратылады.

Мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорында мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мүгедектік туралы немесе кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Сот актісінде не капиталдандырылған сомаларды алуға құқықты растайтын архив құжатында кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін немесе мүгедектік белгілеу туралы мәліметтер болған жағдайда жеке анықтама ұсыну талап етілмейді.

Іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамдарға ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды олардың заңды өкілдері береді.

Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек тағайындау үшін өтінішті үшінші тұлғалар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша береді.

4. Өтініш беруші ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау үшін жүгінген кезде өтініш берушіде төлемді тағайындау немесе оны тағайындауға өтініш беру фактісінің болуын тексеру жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік

көмекті тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтерді тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес ұсынған тұпнұсқаларға сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен тиісті төлемді тағайындау фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде, сондай-ақ өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған немесе ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындауға құқығы болмаған жағдайда өтініш берушіге кідіртпестен әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Құжаттардың электрондық көшірмелері Мемлекеттік корпорация маманының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

5. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау туралы өтініш Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша азаматтардың тағайындау туралы өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

6. Өтініш берушіден құжаттардың қабылданғаны туралы өтініш берушіге қолхат беріледі.

3-тарау. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі

7. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмектің мөлшерін есептей отырып, ІЭМ-ді және ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі шешімнің жобасын қалыптастырады.

Қалыптастырылған ІЭМ ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, ІЭМ-ді ресімдеудің және ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті есептеудің дұрыстығын тексереді.

8. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті есептеу әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Уәкілетті орган келіп түскен ІЭМ-ді қарайды және төрт жұмыс күні ішінде әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Егер ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қосымша құжаттарды ІЭМ-ге қосып тіркеу қажеттігі анықталса, уәкілетті орган ІЭМ-ді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша хабарламамен қайтарады. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама келіп түскен күннен бас-

тап бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды жиырма бес жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Жете рәсімдеу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Егер отыз жұмыс күні ішінде талап етілген құжаттар ұсынылмаса, уәкілетті орган қолда бар құжаттар бойынша ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім шығарады.

Кейіннен барлық қажетті құжаттармен қайта жүгінген күн өтініш білдірген күн болып есептеледі.

10. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылданған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өзі жүгінген кезде өтініш берушіге береді және өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабар жіберу арқылы өтініш берушіні хабардар етеді. Sms-хабарлар әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

11. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмектің мөлшерлерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жыл сайын артырады және әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған электрондық шешім жобасы түрінде қалыптастырады.

12. Алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні өзгерген кезде ОДҚ-да автоматты режимде өзгерістер жүргізіледі.

13. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар тұлға ісінің әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қағаз түріндегі нұсқасын қалыптастыру үшін Мемлекеттік корпорацияның маманы ІЭМ-ді басып шығарады.

4-тарау. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібі

14. Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен келген адамдар ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушының қағаз түріндегі ісіне сұрау салу үшін әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне өтініш береді. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушының қағаз түріндегі ісіне сұрау салуды өтініш берушінің бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

15. Егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, басқа елдерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, бұрын Қазақстан Республикасында ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек тағайындалған адамдар әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінішті және осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

16. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, бұрын Қазақстан Республикасын-

да ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек тағайындалған адамдарға Қазақстан Республикасында бұрын тағайындалған ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткен кезінде белгіленген мөлшерде қалпына келтіріледі не оның қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш берілген күннен бастап жаңа тағайындау рәсімі жүргізіледі.

Егер кеткен кезеңінде ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті арттыру жүргізілген болса, оның мөлшері осы арттыру ескеріле отырып белгіленеді.

17. Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне кеткен ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушының қағаз түріндегі ісі Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша анықтама-аттестатпен қоса жіберіледі.

18. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетушілерге ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеу ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылған айды қоса алғанда жүргізіледі.

5-тарау. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті жүзеге асыру тәртібі

19. Мемлекеттік корпорация уәкілетті органның ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау туралы шешімдерінің негізінде ай сайын төлемге бюджет қаражатының қажеттілігін қалыптастырады және әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органға төлем айының алдындағы айдың 25-күніне қарай ұсынады.

20. Әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган тиісті кезеңге арналған төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде төлеуге қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

21. Әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сомалар шегінде Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды жүзеге асырады.

22. Төлейтін айға қажеттілік қалыптастырылғаннан кейін пайда болған сомалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес одан кейінгі айға қосылуға тиіс.

23. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алысымен төлеу кестесіне сәйкес ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеуге төлем тапсырмаларын, сондай-ақ ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмектен ұстап қалуларды қалыптастырады.

24. Мемлекеттік корпорация ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеуді:

1) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына есептеу;

2) «Қазпошта» акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушылардың үйлеріне жеткізіп беру арқылы жүргізеді.

Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен қоса осы өзгерістер туралы өтініш береді.

25. Алушыларға ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеу бойынша өзара іс-қимыл жасау Мемлекеттік корпорация, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттарда регламенттеледі.

26. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша уәкілетті орган шешімінің негізінде:

1) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) іздестірудегі адамдардың хабар-ошарсыз кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтата тұрады.

Көрсетілген фактілер жойылған жағдайда ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген тәртіппен қалпына келтіріледі.

28. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша уәкілетті орган шешімінің негізінде:

1) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушының қайтыс болғаны туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтер;

2) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушының ішкі істер органдарындағы тіркеуден шығарылғанын растайтын құжатты бере отырып, ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтату туралы өтініші келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтатады.

29. Төлемді қалпына келтіру үшін негіздеме болып табылатын мән-жайлар басталған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның электрондық шешім жобасымен қоса, жаңадан ұсынылған құжаттармен толықтырылған ІЭМ-ді дайындауы және оны уәкілетті органның бекітуі тоқтатыла тұрған күннен бастап не қалпына келтіруге құқық басталған күннен бастап жүргізіледі.

30. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің қызметкерлері күн сайын ОДҚ-да қайтыс болу, кету фактілері туралы, төлемді тоқтата тұру немесе алып тастау, төлемді қалпына келтіру, сондай-ақ алушылардың қайтыс болуына, кетуіне, төлемді тоқтата тұруға байланысты қажеттілік сомаларын азаю жағына қарай түзету жөніндегі негіздемені, іс-әрекетті белгілей отырып, ұстап қалу сомалары туралы жазбалар жасайды.

31. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмектің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

1) алушының өтініші бойынша;

2) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет

кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді) қоса бере отырып, ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

3) соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмектің сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйымға Мемлекеттік корпорация мен ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасындағы шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқаудың орындалуын тоқтата тұрады.

33. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне қатысы жоқ себептер бойынша алушыларға артық аударылған (төленген) ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек сомаларын есептен шығару үшін Мемлекеттік корпорация борышкердің қайда екенінің белгісіз болуына немесе мұрагерлердің болмауына байланысты сомаларды қайтарудың мүмкін еместігі туралы ұйғарым шығару үшін сот органдарына жүгінеді.

Мемлекеттік корпорация артық аударылған (төленген) сомаларды есептен шығаруды сот қаулыларының негізінде есептен шығару актісі бойынша жүргізеді.

6-тарау. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібі

34. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіндегі ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар адамға ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек өтініштің және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі ұсынатын, осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың негізінде тағайындалады.

35. Егер адам қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне орналастырылған кезде ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушы болып табылса, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорация төлемді қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы Қағидалардың 13 және 17-тармақтарына сәйкес ұсынған көрсетілген адамның өтініші негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

36. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті алушының қағаз түріндегі ісін алғаннан кейін оны ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті аудару үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының деректемелерін көрсете отырып есепке қояды.

7-тарау. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеу тәртібі

37. Қамқоршы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекке құқығы бар адамды іс-әрекетке қабілетсіз (іс-әрекеті шектеулі) деп тану туралы соттың шешімін не қорғаншылық органының шешімін және қамқоршылықты растайтын құжатты ұсынады.

Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекеме орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидалардың 13 және 17-тармақтарына сәйкес ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеуді жүзеге асырады.

Соттың шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекет қабілеті шектеулі деп танылған және қорғаншылыққа мұқтаж, мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын адамдарға ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті төлеу мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде өтініш тіркелген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады және тіркелген айдың аяғына дейін төленеді.


38. Іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекет қабілеті шектеулі және қорғаншылыққа мұқтаж, медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын адамдарға ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек ай сайынғы әлеуметтік көмек түрінде әлеуметтік көмек беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылатын олардың банк шоттарына аударылады.



Арнайы
жағдайларда
жазылуға
үлгеріңіз

«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңартылатын, көп функциялы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған, оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимде жүзеге асырылады.



ТЕГІН ІШІНАРА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ
www.vip-kadry.mcfr.kz
сайтында алуға
болады

Жазылуды

8 (727) **323-62-12/13/29** (ішкі 137) телефоны

немесе e-mail: callcentr@mcfr.kz

бойынша ресімдеуге болады

ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілінде берілген.

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – БҰЛ:

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әр түрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарапшылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.

Қалдықтар сыныптамасы

Қалдықтар сыныптамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 169-ө бұйрығы (2020.02.12 өзгертулермен)

Өзгертулер күшіне енді: 2020.13.12

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сыныптама қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі есепке алуды, бақылауды, нормалауды, тиісті қызмет түрлерін лицензиялауды, қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен орналастыруға арнап рұқсаттар беруді, табиғат қорғау құрылыстарын жобалау мен орта қорғау іс-шараларын жүргізуді, әлеуметтік, экономикалық, ресурсты-материалдық тәуекелді және авариялар мен апаттар туындаған кездегі залалды бағалауды қоса алғанда, қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінде пайдалануға арналған.

2. Осы сыныптама жұмысы өндіріс және тұтыну қалдықтарымен байланысты мамандарға, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын жинау, тасымалдау, орналастыру (қоймалау, көму), зарарсыздандыру және пайдалану жөніндегі практикалық операцияларға қатысты адамдарға арналған.

3. Сыныптама қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оларды кодтауды айқындау үшін арналған. Сыныптамада қалдықтардың осы түрі болмаған жағдайда қауіптілік деңгейі мен кодтау әрбір нақты жағдайда негізделеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

4. Қалдықтарды кодтау пайда болу саласын, қоймалау (көму) тәсілін, кәдеге жарату немесе регенерациялау тәсілін, ықтимал қауіпті құрамдас элементтерді, қауіптілік деңгейін, объектілерінде қалдықтар пайда болатын экономика саласын ескереді.

5. Қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оларды кодтауды айқындау технологиялар өзгерген кезде немесе өзге де шикізат ресурстарына көшкен кезде, сондай-ақ қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгеруі мүмкін жағдайларда жүргізіледі.

6. Қалдықты белгілі бір кодтауға жатқызуды табиғатты пайдаланушы өздігінен немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып жүргізеді.

7. Қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалдануын және оларды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсаттары үшін аластауды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес осы Сыныптамаға 8-қосымшаға сәйкес қалдықтар қауіптілігінің 3 деңгейі белгіленеді:

- 1) Жасыл – индекс G;
- 2) Янтарь түсті – индекс A;
- 3) Қызыл – индекс R.

8. Қалдықтарды сыныптау қалдықтарды дәйекті түрде қарау мен олардың негізгі белгілерін айқындауға негізделеді. Сыныптауға қалдықтардың орналасқан жері, құрамы, мөлшері, агрегаттық жай-күйі, сондай-ақ олардың токсикологиялық, экологиялық және басқа да қауіпті сипаттамалары жатады.

9. Осы стандартта белгіленген сыныптау белгілері қалдықтардың салалық, өңірлік немесе өзге де ерекшелігін көрсететін қосымша белгілерді жоққа шығармайды.

2-тарау. Сыныптаманың құрылымы

10. Қалдықтардың толық сыныптау коды екі қисық сызықпен бөлінген 8 көп мәнді кодтар блогынан тұрады.

11. Әр топ латын алфавитінің әрпімен таңбаланған және ақтаңдақпен бөлінген. Қалдықтардың толық коды мынадай код топтарын (блоктарын) қамтиды:

- атауы (№);
- материалдың (бұйымның) қалдыққа көшу себептері (Q);
- қалдықтардың агрегаттық жай-күйі (W);
- қалдықтардың қауіпті құрауыштарының бірдейлендірушісі (C);
- қалдықтардың қауіптілігін айқындайтын қасиеттер (H);
- қалдықтармен жұмыс істеудің іске асырылған тәсілі (D, R);
- нәтижесінде қалдықтар пайда болған қызметтің негізгі түрі (A);
- өнеркәсіп қалдықтарының қауіптілік деңгейі (G, A, R).

12. Қалдықтар сыныптамасы мыналардан тұрады:

1) осы Қалдықтар сыныптамасына 1-қосымшаға сәйкес қалдықтар номенклатурасынан;

2) осы Қалдықтар сыныптамасына 2-қосымшаға сәйкес аталған бұйымның «қалдықтар» санатына ауысу себептерінен;

3) осы Қалдықтар сыныптамасына 3-қосымшаға сәйкес қалдықтардың физикалық (фазалық) жай-күйі түрлерінің тізбесінен;

4) осы Қалдықтар сыныптамасына 4-қосымшаға сәйкес қалдықтардың қауіпті құрауыштары түрлерінің жалпыланған тізбесінен;

5) осы Қалдықтар сыныптамасына 5-қосымшаға сәйкес қауіпті қалдықтардың кодтары мен сипаттамаларынан;

6) осы Қалдықтар сыныптамасына 6-қосымшаға сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі кодтар мен операциялардан;

7) осы Қалдықтар сыныптамасына 7-қосымшаға сәйкес нәтижесінде ықтимал қауіпті қалдықтар пайда болуы мүмкін қызмет түрлерінің тізбесінен;

8) осы Қалдықтар сыныптамасына 8-қосымшаға сәйкес қалдықтардың қауіптілік деңгейінен;

13. осы Қалдықтар сыныптамасына 9-қосымшаға сәйкес парниктер мен теплицалар полиэтилен пленкаларының қалдықтары мысалында қалдықтардың сыныптамалық кодын қалыптастыру.

3-тарау. Қалдықтардың толық сыныптамалық кодын қалыптастыру тәртібі

1. Бірдейлендіру кодының 1 (N) блогын 1-кестеден сыныпталаатын қалдыққа неғұрлым дәл сәйкес келетін ұстанымды іріктеу жолымен қалыптастырады, содан кейін сыныпталаатын қалдыққа тиісті алты мәнді код беріледі. Осы Қалдықтар сыныптамасына 1-қосымшаның 1-кестесінде үш иерархиялық деңгейді: топтарды, кіші топтарды және ұстанымдарды қамтитын номенклатуралық қалдықтар сыныптамасы келтірілген. Әрбір топ екі мәнді кодпен сипатталады. Әрбір топта кіші топ пен ұстаным болатынына назар аудару қажет, оның соңғы пункті 9-нөмір болып табылады, оған «жоғарыда санамаланғандардың бірде біреуі емес» жағдайы сәйкес келеді.

Мысал: № XXXXXX//

2. 2-блок (Q) ол бойынша сыныпталатын материал «қалдықтар» санатына жатқызылатын себептер тізбесін білдіреді (2-қосымша). Тізбе ОЭСР С (94) 152 (түпкілікті) Кеңесінің 1994 жылғы 29 шілдедегі шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, «Регенерациялау жөніндегі операцияларға арналған қауіпті қалдықтарды трансшекаралық ауыстыру туралы» С (92) 39 (түпкілікті) ОЭСР 1992 жылғы 30 наурыздағы қарары деректерінің негізінде жасалған. 2-қосымшадан ол бойынша осы объект қалдықтар ретінде сыныпталатын бір немесе екі себепті іріктейді және ұстанымдардың нөмірлерін қояды. Егер бір ұстанымнан артық іріктелсе, онда сыныптау нөмірлерін «+» белгісімен бөледі.

Мысал: Q XX+XX//

3. 3-блок (W) сыныптау қалдықтарының агрегаттық жай-күйіне неғұрлым дәл сәйкес келетін ұстаным нөмірінен тұрады (3-қосымша).

Мысал: W XX//

4. 4-блок (C) 4-қосымшада санамаланған бір немесе одан да көп заттардың нөмірінен (нөмірлерінен) тұрады. Егер қалдықтар кестеде келтірілген заттардың үштен астамын қамтыса, онда кодтар барынша қауіпті құрамдастардың үштен аспайтын тобын бөліп көрсете отырып, олардың қауіптілік дәрежесінің азаюы тәртібімен кодтарды қатарға орналастырады. Бұл топқа іріктеуді сапалық белгілері бойынша жасайды және ол осы қалдықтарды шығаратын мамандардың, ұйымдардың білікті пікірлеріне негізделеді. Бұл ретте құралдық талдаулар жүргізу көзделмейді. Бұдан кейін «+» белгісімен бөлініп іріктеліп алынған нөмірлерді жазу жолымен бірдейлендіру блогының кодын қалыптастырады. Егер қалдықтар 4-қосымша тізімінде санамаланған бір де бір құрамдасты қамтымаса, онда бұл топқа C 00// кодын береді.

Мысал: C XX+XX+XX//

5. 5-блок (H) «+» белгісімен бөлінген (егер екі ұстаным іріктелінсе) сыныпталатын қалдықтарды тудыруға қабілетті қауіпті қасиеттерге барынша дәл сәйкес келетін бір немесе екі ұстанымнан тұрады (5-қосымша).

Мысал: H XX+XX//

Егер қалдықтар 5-қосымшада санамаланғандардың ішінен бір де бір ықтимал қауіптілікке ие болмаса, онда оған H 00// коды беріледі.

6. 6-блок (D, R) сыныпталатын қалдықпен жұмыс істеудің іс жүзінде пайдаланылатын әдісін айқындайды. Оны 6-қосымшаның (E.1 және E.2) тізімдерінен егер ұстаным E.1-ден іріктелінсе, бұл жазбаны латынның D әрпімен және егер ұстаным E.2-ден іріктелінсе, латынның R әрпімен белгілей отырып сыныпталатын қалдықтың одан арғы тағдырын барынша дәл сипаттайтын бір немесе бірнеше ұстанымды іріктеу жолымен қалыптастырады. Егер біреуден көп ұстаным іріктелінсе, онда бірдейлендірілген блокқа бұл жазбаларды «+» белгісімен бөле отырып, олардың әрқайсысын жазады.

Мысал: D XX+R XX

7. 7-блок (A) 7-қосымшадан нәтижесінде қалдықтар пайда болған қызметтің неғұрлым сәйкес келетін бір түрін іріктейді.

Мысал: A XXX

8. 8-блок «Регенерациялау жөніндегі операцияларға арналған қауіпті қалдықтарды трансшекаралық ауыстыру туралы» ОЭСР қарарында келтірілген тізбеге сәйкес өнеркәсіптік қалдықтардың (G, A, R) қауіптілік деңгейін білдіреді.

Мысал: GX XXX

9. Сөйтіп, қалдықтың толық коды былайша көрініс табатын болады:

N XXXXXX//Q XX+XX//W XX//C XX+XX+XX//H XX+XX//D XX+R XX// A XXX//GX XXX

Санитариялық-эпидемияға қарсы шараларды қалай жүргізу керек

«Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығы

Күшіне енді: 2020.06.07

Жалғасы. Басы № 9, 10, 11, 12 сандарда, 2020

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
10-қосымша

«Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
7-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде қызмет көрсету (сұлулық салондары, шаштараз (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу) саласындағы объектілердің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Қызмет көрсету саласы объектілерінің жұмысын қайта бастауға санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мынадай жағдайларды қамтамасыз етілген кезде жол беріледі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген жеке қорғаныш құралдарының (арнайы киім, медициналық маскалар), дезинфекциялау және жуу заттарының, қолды өңдеуге арналған антисептиктердің азаймайтын қорының болуы.

2) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқаулық жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

3) профилактикалық тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау жүргізу арқылы желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысы, желдету режимін қамтамасыз ету және сақтау;

4) персонал арасында жеке/өндірістік гигиена қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы нұсқаулық және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау;

5) ұйымға кіреберісте дене температурасын байланыссыз немесе байланыс тәсілімен (электрондық, инфрақызыл термометрлер, тасымалды тепловизорлар) өлшеуге арналған аппараттарды қолдана отырып, персоналдың дене температурасын бақылау, ЖРВИ және тұмау симптомдары бар персоналды жұмыстан шеттету мақсатында респираторлық аурулар симптомдарының бар-жоғын тексеру, ал COVID-19 жоққа шығармайтын симптомдары (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгізу және т. б.) бар адамдар үшін оқшаулауды және жедел жәрдемді шұғыл шақыруды қамтамасыз ету;

6) жұмыс орындарында және келушілер үшін қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді орнату, телефондар мен басқа да заттарды өңдеуге арналған персонал мен клиенттер үшін сулықтар қорының болуы;

7) жұмыс күні ішінде қолғаптарды (әрбір клиенттен кейін оларды ауыстыру шартымен), медициналық маскаларды (әрбір 2 сағат сайын оларды ауыстыру шартымен) пайдалану;

8) жұмыс үй-жайларында бактерицидті шамдарды (келушілер мен персонал болмаған жағдайда пайдаланылады) және (немесе) ауаны рециркуляторларды (адамдардың қатысуымен пайдаланылады) ауаны тұрақты зарарсыздандыру мақсатында қолдану;

9) жұмыс орындарының арасында кемінде 2 метр қашықтықты мүлтіксіз сақтау, оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілеуді қамтамасыз ету;

10) тек маска киген келушілерді кіргізу;

11) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасау (карталар, телефондағы қосымша).

2. Объект басшылығы клиенттер жиналатын «күту аймағын» болдырмай, алдын ала жазылу бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, келуші (клиент) мен қызметкер (сұлулық салоны мен шаштараздан басқа) арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтауды барынша қамтамасыз етеді, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайтады.

3. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ылғалды жинау есіктің тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беткейлерін (қызметкерлердің үстелдерін, орындықтарын, ұйымдастыру техникасын), жалпы пайдаланылатын орындарды (киім ілетін орындар, тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымда кемінде 2 рет вирулицидті әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып жүргізіледі.

Беткейлерді өңдеу дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған шүберекпен сүрту тәсілімен немесе дезинфекциялау ерітіндісін тозаңдату арқылы сулау тәсілімен жүргізіледі.

4. Жұмыс орнында дайындалатын дезинфекциялау ерітінділерін құралдың атауы, ерітіндінің концентрациясы және оның дайындалған күні көрсетілген таңбасы бар сыйымдылықтарда сақтау керек.

Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген дезинфекциялау ерітінділері оның дезинфекциялау құралын қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес берілген концентрацияға сәйкес дайындалады;

5. Техникалық персонал (тазалаушылар) жеке қорғаныш құралдарын: халат, қолғап, медициналық маска пайдалана отырып, дезинфекциялау іс-шараларын жүргізеді.

6. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсылап жуады және арнайы бөлінген орындарда сақтайды.

7. Пайдаланылған медициналық маскалар (оның ішінде түшкіру, және жөтелу кезінде пайдаланылған сулықтар), бір рет қолданылатын жинау шүберегі пакеттерге жиналады және қалдықтарға арналған арнайы контейнерлерге салынады.

8. Қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, шығару және залалсыздандыру мамандандырылған ұйымдармен келісім шарт бойынша жүргізіледі.

9. Персоналды тамақ ішуі белгіленген орындарда жүргізіледі, тамақ ішетін бөлме болмаған жағдайда дезинфекциялау құралдарының көмегімен жинауды қамтамасыз ете отырып, осы мақсаттар үшін аймақтар бөледі.

10. Химиялық тазалау және кір жуу орындарында: лас киім-кешекті шығару және клиенттің үйіне таза киім-кешекті жеткізу барынша қамтамасыз етіледі, жоғарыда көрсетілген тәсілмен қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, олар мен қызметкердің арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып үй-жайда бір мезетте маскада екі клиенттен артық емес болуы, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайту қамтамасыз етіледі.

11. Сұлулық салондарында, шаштараздарда:

1) оңтайлы жұмыс аймақтарының шекаралары белгіленген креслолар арасында кемінде 2 метр қашықтықты сақтау;

2) персоналдың әр келушіге арналған құралдарды өңдеу қағидаларын қатаң сақтауы;

3) шаштарға арналған бигуди, қысқыштар, қалпақтар мен торларды жуу құралдарымен ағынды сумен әр клиенттен кейін ағынды сумен өңдеу;

4) қырқылған шашты жабық қалаққа тікелей креслолардың жанында қақпағы бар ыдыстарға жинау, одан әрі дезинфекциялау ерітіндісімен бүрку арқылы сулау тәсілімен кәдеге жарату;

5) әрбір клиенттен кейін жұмыс орнын қосымша өңдеу қамтамасыз етіледі.

Ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарына өзгертулер енгізілді

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 382/НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 82 бірлескен бұйрығымен өзгерістер енгізілді

«Ақпараттандыру, байланыс саласындағы, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 114/НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 52 бірлескен бұйрығы.

Күшіне енді: 2020.07.11

Жалғасы. Басы 12 санда, 2020

4-тарау. Қорытынды ережелер

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі жылына бір реттен жиі емес мерзімді құрайды.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Байланыс саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

«Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Байланыс саласында қызметтер көрсетуге арналған лицензияның болуы	ерескел

2.	Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттын болуы	өрескел
3.	Байланыс қызметтерін көрсету бойынша қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның болуы	елеулі
4.	Радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның болуы	елеулі
5.	Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінде пайдаланылатын техникалық байланыс құралдарының пошта байланысының техникалық құралдарының электро магниттік сәулелену көзі болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәйкестігін растауы	елеулі
6.	Байланыс саласында бұзушылықты жою туралы нұсқаманың орындалуы	елеулі
7.	Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген, байланыс операторының деректерді таратуды өлшеу жүйесі мен қосылу ұзақтығын өлшеу жүйесі бар трафикті есепке алу жүйелерінің болуын растау үшін Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінен үзінді көшірменің, қолданыстағы тексеру сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптың сақталуы	елеусіз
8.	Байланыс операторының, көрсетілетін қызмет провайдерінің, ведомстволық телекоммуникациялар желісі, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желісі, корпоративтік желі иелерінің бөлінген нөмірлеу ресурсының 50 пайыздан астамын бөлінген кезден бастап екі жылдың ішінде пайдалану бойынша талапты сақтауы	елеусіз
9.	Нөмірлеу ресурсын алушының нөмірлеу ресурсын (нөмірлеу аймағын географиялық тұрғыдан айқындамайтын «DEF» кодындағы «X1», «X1X2» индекстерін; көрсетілетін қызметтерге қолжеткізу кодтарын пайдалана отырып, байланыс қызметтерін ұсынатын (X1X2X3)/(X1X2X3X4) операторлардың кодтарын; «1UV (X1(X2))» шұғыл жедел, ақпараттық-анықтамалық және тапсырыс беру қызметтеріне қолжеткізу нөмірлерін, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының таңдау префикстерін бөлінген кезден бастап екі жыл ішінде 6 айдан астам (уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру нәтижелері бойынша) пайдалануы бойынша талапты сақтауы	елеусіз
10.	Басқару орталығының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жерүсті сегменттері мен коммутациялық тораптарды қамту бойынша талапты сақтауы	өрескел
11.	Тәуелсіз географиялық трассалар бойынша ұйымдастырылған тәуелсіз айналма жолдарды беру немесе сол тарату желілерінде ұйымдастырылатын трактілерге (арналарға) ауыстыру жолымен көліктік желілерді резервке қою бойынша талаптың сақталуы	елеулі
12.	Оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында көліктік телекоммуникациялар желілерінің (магистральдық және аймақшілік байланыс желілерінің) болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
13.	Оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында тактілі желілік синхрондау жүйесінің болуы бойынша талабын сақтауы	елеулі

14.	Оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында қалааралық және халықаралық коммутация станцияларының болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
15.	Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желілерінде басқа елдердің жалпы пайдалануындағы телекоммуникациялар желісімен халықаралық қосылуды ұйымдастыру үшін кемінде үш таратудың (екеуі өз желісінің бағытымен және біреуі басқа елдің желісі бағытында) шығуы (үш бағыт) бар желілік тораптардың болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
16.	Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында жерүсті байланыс желілері бойынша көліктік желінің шетелдердің байланыс операторларының телекоммуникациялар желілерімен кемінде бір тоғысу нүктесінің болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
17.	Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қамтамасыз ететін желілерді дербес құруы (дамытуы) туралы талапты сақтауы	елеулі
18.	Жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды орындауы қамтамасыз ету бойынша талаптың сақталуы	елеулі
19.	Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желілерімен кемінде алты облыстың (географиялық нөмірлеу аймағы), Астана және Алматы қалаларының аумағын қамтуы туралы талапты сақтауы	елеулі
20.	Техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамын растау үшін тиісті білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы тізімінің, дипломдардың көшірмелерінің, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың, еңбек кітапшаларының немесе еңбек шарттарының көшірмелерінің, байланыс саласында даярлық және біліктілігін арттыру бойынша курстардан өткені туралы куәліктер немесе сертификаттардың болуы туралы талаптың сақталуы	елеулі
21.	Акционерлер (қатысушылар) арасында акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) бөлу жөніндегі ақпаратты растау үшін өтініш берушінің құрылтай құжаттары көшірмелерінің және бағалы қағаздарды ұстаушылар (серіктестік қатысушыларының) тізілімінің болуы туралы талаптың сақталуы	елеулі
22.	Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың техникалық сипаттамалары мен пайдалану жағдайларының Қазақстан Республикасының радиожиілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта және радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламада жазылған талаптарға сәйкестігі туралы талаптың сақталуы	елеусіз
23.	Олардың желісінде жұмыс істейтін абоненттік құрылғылардың сәйкестендіру кодының тізілімін жүргізу бойынша талапты сақтауы (ұялы байланыс операторы үшін)	елеусіз

24.	Басқа жеке немесе заңды тұлғаларға өздеріне иелікке берілген жиілік белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығын беруге жол бермеу бойынша талаптардың сақталуы	елеулі
25.	Ұялы байланыс операторларының абоненттерге тегін қосылыстырды ұсынуды қамтамасыз ету бойынша талапты сақтауы	елеусіз
26.	Зияткерлік қызметтер (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) көрсетілген кезде тарифтелетін қосылудың басталуына дейін байланыс операторының абонентке осындай қосылыстың құны туралы хабарлама беру туралы талапты сақтауы	елеусіз
27.	Ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге байланысты ақпаратты абоненттерге ұсыну мақсатында ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйесін құру бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
28.	Байланыс операторының желісінде абонент алған байланыс қызметтерін, оларды пайдалану уақыты, ұқсас стандартты басқа желі абоненттерінің телефон нөмірлерімен қосылыстары туралы ақпараттарды автоматты түрде есепке алуды жүзеге асыру бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
29.	Абоненттің қалааралық немесе халықаралық телефон байланысы операторын еркін таңдауы техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
30.	Абоненттерге түнгі уақытта (сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін) бұрын абонент сұратпаған, қысқа мәтіндік хабарламаларды және/немесе мультимедиялық хабарламалар арқылы ақпараттарды (жарнамалық сипаттағы таратуларды) жіберу бойынша лимитті орнату бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторы үшін)	елеусіз
31.	Байланыс операторының абонентке телефон байланысы қызметін көрсеткен кезде оған өзге ақылы қызметтерді мәжбүрлеп жүктеуге жол бермеу бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
32.	Абонент телефон байланысы қызметі сапасының нашарлағаны туралы өтінішті берген күнінен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапасын қалпына келтіру жөнінде қажетті шаралар қабылдау және абоненттік төлемді қайта есептеуді жүргізу бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
33.	Байланыс абонентінің кінәсінен болмаған абоненттік құрылғының нақты әрекетсіздігі кезеңінде абоненттік төлемдерді қайта есептеуді жүргізу бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
34.	Абонентті телефон желілеріндегі авариялар туралы және осы аварияларды жоюдың болжанатын мерзімі туралы хабардар ету бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
35.	Себептерін көрсете отырып, абоненттік нөмірді алмастыру туралы және (немесе) терминалды ажырату туралы күнтізбелік 30 күн бұрын абонентті хабардар ету бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
36.	Оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, абоненттің келісімімен байланыс қызметтеріне тариф шарттарын өзгерту туралы талаптың сақталуы	елеусіз

37.	Уақтылы төлемегені үшін ажыратылған байланыс қызметіне қол жеткізуді, берешекті өтеген кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде (абоненттен ақы төлегенін растауды алған немесе ұялы байланыс және Интернетке қолжеткізу қызметтері операторлары үшін абоненттің байланыс қызметіне ақы төлеу бойынша берешегін жойғаны туралы растаушы құжаттарды ұсынған кезден бастап) қалпына келтіру бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
38.	Байланыс операторының абонентке/пайдаланушыға байланыс қызметін көрсету кезінде олар өзге де қызметтерді алу шарттарын орындамаған жағдайда оның құқығын шектеуге жол бермеу бойынша талапты сақтауы	елеусіз
39.	Абоненттік құрылғының меншік иесінің өтініші бойынша өз желісінде сәйкестендіру коды бойынша абоненттік құрылғының жұмысын тоқтата тұру немесе қалпына келтіру бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторы үшін)	елеусіз
40.	Абоненттерді байланыс құралдарын жартылай немесе толық ажыратумен байланысты оған алдын ала қызмет көрсету туралы және осындай жұмыстарды жүргізу мерзімдері туралы аталған жұмыстар басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын хабардар ету бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторы үшін)	елеусіз
41.	Тәулік бойы режимінде ағымдағы есеп шотындағы ақшаның балансын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
42.	Абонентке көрсетілген ұялы байланыс қызметтеріне артық төленген ақша қаражатын қайтару немесе абонент келісім берген кезде оларды ұялы байланыс қызметтеріне аванс беру ретінде есептеу бойынша талаптың сақталуы	елеусіз
43.	Ұялы байланыс операторының техникалық мүмкіндігі бар, ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасудан бас тартуға жол бермеу бойынша талапты сақтауы	елеусіз
44.	Байланыс операторының бастамасы бойынша жаңа автоматтандырылған телефон станцияларының пайдалануға берілуіне және жергілікті телефон желілерінің реконструкциялануына байланысты пайдаланушылардың алдын ала хабардар ете отырып, абоненттік нөмірлерді тегін ауыстыру туралы талаптың сақталуы	елеусіз
45.	Байланыс қызметтеріне кредиттік ақы төлеу тәсілі шарттарының сақталуы	елеусіз
46.	Байланыс қызметтеріне аванстық ақы төлеу тәсілі шарттарының сақталуы	елеусіз
47.	Үстем жағдайға ие байланыс операторының қосу шартын жасасудан бас тартуына не үстем жағдайға ие байланыс операторының байланыс желілерін қосуға немесе төсеуге көрінеу шектеуші шарттар белгілеуіне жол бермеу бойынша талапты сақтауы	елеулі
48.	Ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісіне телекоммуникациялар желілерін қосу мерзімдерін сақтау	елеулі
49.	Байланыс операторларының трафикті өткізу және өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникациялар желілерін қосу деңгейлерін сақтауы	елеулі
50.	Тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), Интернетте жұмыс істеуді бастау және аяқтау уақытын, пайдаланушы жұмыс істеген компьютер иесінің нөмірін қамтитын пайдаланушыларды есепке алудың электрондық журналының болуы (елді мекендерде ұялы байланыс болмаған жағдайда)	елеусіз

51.	Байланыс операторының соттың заңды күшіне енген шешімінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған ақпаратқа рұқсат бермеуі туралы талаптың сақталуы	ерескел
52.	Желілік мекенжайларды ауыстыруға тыйым салу туралы талаптың сақталуы	елеулі
53.	Байланыс операторының және (немесе) байланыс желісі иесінің байланыс қызметтерін көрсетуі, сонымен қатар байланыс операторы өкілдерінің байланыс қызметтерін көрсету туралы тиісті шартты жасамай абоненттік нөмірлерді таратуы	елеулі
54.	Ұялы байланыс операторларының абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқоры операторына ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері туралы ақпаратты беру бойынша міндеттерді орындауы	елеулі
55.	Пошта операторының пошта жәшіктерін орнату және олардан пошта жөнелтілімдерін алуды жүзеге асыру талаптарын сақтауы	елеусіз
56.	Пошта жәшіктерінде пошта операторының логотипінің, берілген нөмірінің, хат-хабарларды жәшіктен алу жиілігі мен уақытының (алғашқы және соңғы алыну уақыты) болуы туралы талаптың сақталуы	елеусіз
57.	Ауылдық жердегі пошта жәшіктерінде пошта операторының логотипінің, берілген нөмірінің, алыну уақытының, сондай-ақ алу жүзеге асырылмайтын күндердің болуы туралы талаптың сақталуы	елеусіз
58.	Пошта операторының өндірістік объектілеріне кірер жерде өндірістік объектінің атауы және жұмыс режимі көрсетілген маңдайшаның, оның ішінде қалаларда орналасқан және жылжымалы кесте бойынша, түскі үзіліспен немесе демалыс күнімен жұмыс істейтін өндірістік объектілерде, сондай-ақ басқа да кесте бойынша немесе демалыс күндерінсіз қызметтер ұсынатын жақын маңдағы өндірістік объектінің орналасқан жері және жұмыс режимі туралы мәтіндегі маңдайшаның және қазақ, орыс тілдерінде хабарландырудың болуы туралы талаптың сақталуы	елеусіз
59.	Пошта операторының өндірістік объектісінің операция залында пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар үшін көрнекі және қолжетімді жерде ақпараттық материалдың болуы туралы талаптың сақталуы	елеусіз
60.	Пошта операторының өндірістік объектілерді меншікті атаулы құрылғылармен қамтамасыз ету бойынша талапты сақтауы	елеусіз
61.	Ұялы байланыс операторының ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірлерді көшіруді және олардың мерзімдерін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауы	елеусіз
62.	Пошта операторларының пошта желілерінде пошта жөнелтілімдерін ашпай-ақ ондағы тыйым салынған заттар мен нәрселерді анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құралдар мен жабдықтарды орнату бойынша талаптарды сақтауы	елеулі

Байланыс саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

«Тексерілетін субъектілерге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және олардың саны» ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Байланыс саласында бір расталған шағымның немесе өтініштің болуы	елеусіз
2.	Байланыс саласында екі немесе одан да көп расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы	елеулі

Байланыс саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

«Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсыным)» ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Пайдаланушыларға сапасы бойынша стандарттарға, техникалық нормаларға, байланыс қызметін көрсетуге арналған шарттың талаптарына, байланыс қызметінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес келетін байланыс қызметтерін көрсету бойынша міндеттерді сақтау	елеулі
2.	Байланыс операторы мен абоненттің арасында байланыс қызметін көрсету туралы жария шарттың болуы	елеусіз
3.	Ұялы байланыс операторының Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілген елді мекендерді және (немесе) аумақтарды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауы	елеулі
4.	Радиожілік спектрін бір жыл ішінде пайдаланбау	елеулі

Байланыс саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
4-қосымша

